

**« Колутон ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің» КММ
педагогикалық кеңес хаттамасы №1**

« 28 » тамыз 2024 жыл

Кеңеске жалпы қатысқандар саны– 27

Кітапханашы-1

Шағын орталық тәрбиешісі-1

Күн тәртібінде:

1.2023-2024 оқу жылындағы мектеп жұмысы мен шешілген мәселелерін талдау. 2024-2025 оқу жылына арналған мақсаттар мен міндеттер.

2.Педагогикалық кеңестің құрамын бекіту.

3.Педагогикалық ұжымды ӘНХ таныстыру

4.Сынып жетекшілері мен кабинеттерін бекіту

5.Оқыту жүктемесінің бөлінуі.(тарификация)

6.Жылдық жұмыс жоспарын бекіту.Жұмыс оқу жоспарларын бекіту. (ОЖЖ)

7.Шағын орталықтың жұмыс жоспарын бекіту.

8.2024-2025 оқу жылында тамақтандыруды ұйымдастыру.

9.2024-2025 оқу жылына арналған күнтізбелік жоспарларды бекіту.

Бірінші сұрақ бойынша мектеп директоры А.Аксейтова тыңдалды:

Мектептің 2023-2024 оқу жылындағы жұмысының талдауы.2024-2025 оқу жылына арналған мақсаттар мен міндеттер. Мектептің жұмысында

Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға

міндетті стандарты, ҚР «Білім туралы» Заңы, ҚР-ның білімді дамыту

стратегиясы негізінде мектеп жасындағы дарынды балаларды оқумен

қамтамасыз етуге нақты шаралар белгіленіп, жүзеге

асырылды.Оқушылардың жылдық білім сапасын 63% - ға дейін

көтерілді.Оқытушылардың кәсіби деңгейін арттыру және мұғалімдердің

біліктілік санаттарының пайыздық арақатынасын 63% - ға дейін

көтерілді.Аудандық және облыстық конкурстарға қатысушылардың саны

біршама көтерілді. Аудандық : пәндік олимпиада (орыс тілі мен әдебиеті

1орын, тарих 1 орын, ағылшын тілі 3 орын, қазақ тілі мен әдебиеті 3 орын,

информатика 1 орын), «Менің шағын Отаным» 2,3 орын , Ұлттық

олимпиада география пәнінен 2орын, экологиялық олимпиада «Табиғат

тіршілік көзі» - 3 орын, «Алтын сақа» 2 орын. Облыстық: «Мың бала» 2

дәрежелі диплом, «Ауыл мектебі» 2 орын.Республикалық :«Кенгуру» - 13

оқушы, «Бастау» математикалық олимпиада–8 оқушы , «Абай оқулары» 8

оқушы, «Ілияс оқулары» 6 оқушы, «I Qanat» Құдайберген Әдия I Qanat

HIGH SCHOOL OF BURABAY МЕКТЕБІНІҢ ОҚУ грантының иегері. Жас

мамандарды бақылау процесінде әдістемелік көмек көрсетілді. Үйірмелер,

факультативтер желісі арқылы мұғалімнің сабақта және сабақтан тыс іс-

әрекетінің бірлігін қамтамасыз ету, жеке сабақтар және қосымша білім

берілуде.Тәрбие процесіне "Біртұтас тәрбие"тұжырымдамалық

бағдарламасы орындалды.Ата-аналар қоғамына педагогикалық көмек

көрсету орталығын құрылды. Білім беру процесіне қатысушыларға білім

алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту, дамыту, тәрбиелеу және

әлеуметтендіру мәселелері бойынша бірнеше әңгімелесу, кездесу, қолдау

консультациялық көмек көрсетілді.Салауатты өмір салты бағдарламасын

іске асыру.Мектепте спорттық-сауықтыру жұмыстары белсенді жүргізілуде.

2023-2024 оқу жылында кестеге сәйкес 22 спорттық іс-шара өткізілді. Дене шынықтыру мұғалімдері мектеп оқушылары арасында спорттық іс-шаралардың рейтингін жүргізеді. Осылайша, барлық оқушылар 4 командаға бөлініп, оқу жылы бойына белгілі бір спорт түрлерінен бір-бірімен жарысты. Қатысу және алған орындар үшін ұпайлар берілді. Осы тәсілдің арқасында сабаққа қатысу 100%-ға дейін көтерілгенін атап өтуге болады. Оқушылар барлық іс-шараларға белсенді қатысты. Барлығы жоғары деңгейде және құштарлықпен жасалды. Оқу жылының соңында есептеулер нәтижесінде бірінші орын алған команда «Бурабайға» демалысқа бару мүмкіндігіне ие болды. Оқушылардың денсаулығын сақтауға және нығайтуға жағдай жасаудың белгілі бір жүйесі әзірленген. Жыл сайын оқушыларды медициналық тексеріп-қарау жүргізіледі, оның нәтижелері бойынша жеке медициналық кітапшаларға қорытындылар жасалады және денсаулық сақтау нормаларынан ауытқуы бар оқушылармен медициналық қызметтің жұмыс жоспары белгіленеді. Оқу процесін акпараттандыру. Мектеп жаңадан өзгертілген екі кабинетпен (химия және физика), интерактивті тақтамен және панельмен жабдықталған. Информатика кабинетінде интерактивті панель, үстелдік компьютерлер мен ноутбуктер бар, бір оқушыға 1 ДК есептелген, орыс тілі мен әдебиет кабинетінде интерактивті панель. Мектептегі проекторлар саны 6 дана. Кітапханада электронды оқулықтар (оқулық қосымшалары) бар дискілер бар. Мұғалімдер әртүрлі білім беру интернет ресурстарымен белсенді жұмыс істейді: bilimland.kz, opik.kz, topik.kz. Интерактивті тапсырмаларды құру үшін LearningApps, Wordwall, Padlet, Simpleshow және т.б. АКТ оқу үрдісінде, презентация жасауда, көрсетуде де қолданылады. Оқыту бейнелері, сауалнамалар, тестілеу және т.б. Мұғалімдерді аттестаттау. 2018 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін жаңа формат бойынша педагог қызметкерлердің 75% аттестациядан өтті. Оның қалған 25%: жас мамандар 18%, ал қалған 7% 2024-2025 жылдарға жоспарланған. Мектептің мәселесі, жаңа оқу жылына арналған міндеттер. Тақырыбы: Мектеп оқушыларын оқытуда, тәрбиелеуде, дамытуда құзыреттілік тәсілдерін меңгерту арқылы білім беру сапасын жетілдіру. Мақсаты: Заманауи педагогикалық технологиялар мен белсенді оқыту әдістерін қолдану негізінде білім алушылардың негізгі құзыреттіліктерін дамыту. Міндеттері: 1. Оқушылардың білім сапасын 65% - ға (+2) дейін арттыру. 2. Оқытушылардың кәсіби деңгейін арттыру және мұғалімдердің біліктілік санаттарының пайыздық арақатынасын 78% - ға дейін арттыру. 3. Аудандық және облыстық, республикалық конкурстарға қатысу үшін қатысушылар санын 50% көбейту. 4. Тәлімгерлік процесінде жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету. 5. Үйірмелер, факультативтер желісі арқылы мұғалімнің сабақта және сабақтан тыс іс-әрекетінің бірлігін қамтамасыз ету, жеке сабақтар және қосымша білім беру. 6. Ата-аналар қоғамының психологиялық көмек орталығы жұмысын дамыту. 7. Білім беру процесіне қатысушыларға білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту, дамыту, тәрбиелеу және әлеуметтендіру мәселелері бойынша консультациялық көмек көрсетеді. 8. Оқушыларды әлеуметтік маңызды және мәдени-демалыс қызметіне белсенді тарту.

Екінші сұрақ бойынша мектеп директоры А.Аксентова тыңдалды: мектеп директоры 2024-2025 оқу жылындағы Педагогикалық кеңестің құрамымен таныстырды.

- Аксеитова Айнаш Балтабаевна (қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі)
- Абдрахманова Сақып Константиновна (бастауыш сынып мұғалімі)
- Жаксыбаева Айгуль Каирбековна (орыс тілі мен әдебиет мұғалімі)
- Куц Елена Анатольевна (орыс тілі мен әдебиет мұғалімі)
- Зиябай Бахатбек (қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі)
- Молдагайсина Нургуль Омуртаевна (қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі)
- Асылбеков Тамирлан Жанарбекович (қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі)
- Кабдешова Мадина Варысовна (ағылшын тілі мұғалімі)
- Райымбек Самат Рашидұлы (математика мұғалімі)
- Смагулова Меруерт Шаймерденовна (математика мұғалімі)
- Төленді Исламбек Нұрланұлы (физика мұғалімі)
- Сарсембаева Динара Копешовна (информатика мұғалімі)
- Жаканова Айгуль Азимжановна (бастауыш сынып мұғалімі)
- Хахтай Гульжазира (бастауыш сынып мұғалімі)
- Досмагамбетова Жадра Жаналыновна (бастауыш сынып мұғалімі)
- Джаканова Асемгуль Аубариковна (бастауыш сынып мұғалімі)
- Каркенова Айнаш Кабылхановна (бастауыш сынып мұғалімі)
- Шокыбаева Асылзада Казистаевна (бастауыш сынып мұғалімі)
- Набиева Диана Қайратқызы (тарих мұғалімі)
- Кабдеш Нариман Елдесұлы (тарих мұғалімі)
- Жұмабай Баршагүл (музыка мұғалімі)
- Смагулов Есен Жамышевич (дене шынықтыру мұғалімі)
- Асанов Асан Жанатович (дене шынықтыру мұғалімі)
- Жамышев Асхат Ботанович (химия мұғалімі)
- Хурман Бақболат (биология мұғалімі)
- Шокубасова Айсулу Мухтаровна (педпгог-психолог)

Үшінші сұрақ бойынша оқу ісінің орынбасары С.Абдрахманова тыңдалды: Педагогикалық ұжымды 2024-2025 оқу жылындағы әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстырды. Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда - 33 оқу аптасын, 2-11 (12) сыныптарда – 34 оқу аптасын құрайды 2024 жылғы 2-қыркүйек алғашқы оқу күні, оқудың аяқталуы - 2025 жылғы 23 мамыр. Тілдерді кезең-кезеңмен оқыту шеңберінде 3- сыныпта «Шетел тілі» пәнін оқыту енгізіледі «Көркем еңбек» пәнін кезең-кезеңмен «Бейнелеу өнері» және «Еңбекке баулу» пәндеріне бөліп оқыту 3-сыныпта жалғасады, 4-сыныпта «Көркем еңбек» пәні оқытылады «ДосболLIKE» бағдарламасын және «Менің бауырым» волонтерлік жобасын іске асыру шеңберінде мектепте салауатты және қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру бойынша жұмыстар жалғасады. Ауылдық тірек және шағын жинақты мектептерінде жекелеген пәндерді оқытудың инновациялық тәсілдері енгізіледі. 2024 жылдан бастап «Цифрлық ұстаз» жобасын іске асыру шеңберінде тұрмысы төмен отбасылардан шыққан білім алушылармен жұмыс белсендіріледі. 2024 жылдан бастап педагогтерді аттестаттаудың жаңа форматы енгізілді. «Білім берудегі өзгерістердің 1000 көшбасшысы» кадр резервінің республикалық базасын қалыптастыру бойынша жұмыс жалғасады. Мектептердің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылы бойынша жұмыстар күшейтіледі. Оқыту мен бағалауда жасанды интеллектіні қолдану аясы кеңейтіледі. «Жер елшілері» креативті жастардың Бүкілқазақстандық экологиялық қозғалысы» жобасы шеңберінде білім алушыларға экологиялық білім беру жүйеге асырыллы 2024-2025 оқу

жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» және т.б., Заңдарды және басқа да заңнама актілерін басшылыққа алуы және оқыту процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс: Республиканың жалпы білім беретін мектептеріндегі оқу процесі ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (ҚР Оқу-ағарту министрінің 26.10.2023 ж. № 323 және 08.02.2024 ж. № 27 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) бекітілген Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген «Орта білім беру (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына» сәйкес білім беру ұйымдары: үлгілік оқу жоспарын, оның ішінде оқу процесі жүзеге асырылатын қысқартылған оқу жүктемесі бар үлгілік оқу жоспарларын дербес таңдап алады; үлгілік оқу жоспарының вариативтік бөлігінің құрамына кіретін және нақты ұйымның ерекшелігін көрсететін оқу пәндері бойынша оқу жұмыс жоспарын және бағдарламаларын әзірлеуді білім беру ұйымы дербес жүзеге асырады. білім беру ұйымдары жұмыс оқу жоспарларының Үлгілік оқу жоспарына және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз етеді. 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс оқу жоспарын әзірлеу кезінде Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын (оның ішінде төмендетілген оқу жүктемесімен) тиісті білім беру деңгейіндегі оқу жүктемесінің ерекшеліктерін ескеру талап етіледі. Бастауыш білім беру деңгейі бойынша: тілдерді кезең-кезеңмен оқыту шеңберінде 3-сыныптан бастап аптасына 2 сағат көлемінде «Шетел тілі» пәнін оқыту енгізілетінін; 3-сыныпта «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндері аптасына 1 сағаттан оқытылатынын; «Жаратылыстану» пәні 3-сыныпта аптасына 1 сағаттан, 4-сыныпта аптасына 2 сағаттан оқытылатынын ескеру қажет. Оқу-ағарту министрлігі Ү. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Мектепалды даярлықты ұйымдастыру Балаларды мектепалды даярлау бес жастан бастап жалпы білім беретін мектептердің, мектепалды сыныптарында немесе отбасында жүзеге асырылады. Тәрбиелеу-білім беру процесі: перспективалық жоспарға; циклограммаға Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгерту бойынша жүргізілетін мониторингке сәйкес жүзеге асады. Мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сыныпта тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру үшін педагог ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспарын әзірлейді, апта сайын циклограмма құрады, жылына 3 рет (бастапқы – қыркүйекте; аралық – қаңтарда; қорытынды – мамырда) Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгерту бойынша мониторинг жүргізіледі. Мониторинг нәтижелері бойынша тәрбиеші оқу жылына баланың жеке даму картасын толтырады. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес жалпы білім беретін мектептердің мектепалды даярлық сыныптарындағы тәрбиелеу-білім беру процесі 1

минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі. «Үнемді тұтыну» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен паракшалар әзірлеу. «Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау апта сайын: «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды «Апта дәйексөздері» – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады. «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу. жыл сайын: «ДосболLIKE» – буллингтің/әлімжеттіктің алдын алу және тиімді әрекет ету үшін жағдай жасау бойынша акциялар өткізу. «Әншуақ» – білім алушылар арасында қазақ тіліндегі әндерді насихаттауға бағытталған балалар әндері фестивалін өткізу. «Ақындар айтысы» – Республика күнін мерекелеу қарсаңында жас ақындардың сайыстарын өткізу. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы . Пікірсайыс турнирлері – қоғамда орын алатын проблемаларды жариялы түрде талқылау және талдау арқылы білім алушылардың әлеуметтік және шығармашылық белсенділігін арттыру үшін пікірсайыс ойындарын өткізу. Мектеп парламентінің президентін сайлау – қазан айының үшінші сенбісі. «Күй күмбірі» домбырашылар челленджі – Наурыз мерекесі аясында күйлер орындау (таңдау бойынша). Бағдарламада ұсынылған әлеуметтік жобалар: «Қамқор» – әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу. «Еңбегі адал – жас өрен» – білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу. «Шабыт» – білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу. «Ұшқыр ой алаңы» – тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу. «Smart bala» – инновациялық жобалар конкурсы арқылы құндылықтарды дәріптеу. «Балалар кітапханасы» – кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру.

Төртінші сұрақ бойынша мектеп директоры тыңдалды: мектеп директоры А.Аксеитова 2024-2025 оқу жылындағы сыныптарға сынып жетекшілерді бекіту, кабинеттерді бекітіп беру туралы:

Сынып	Сынып жетекшілер	Кабинетке жауаптылар:
1 «А»	Досмағамбетова Ж.Ж	Бастауыш сынып
1 «Б»	Джаканова А.А	Бастауыш сынып
2 «А»	Каркенова А.К	Бастауыш сынып
3 «А»	Шокыбаева А.К	Бастауыш сынып
3 «Б»	Жаканова А.А	Бастауыш сынып
4 «А»	Хахтай Г	Бастауыш сынып
4 «Б»	Жаканова А.А	Бастауыш сынып

қыркүйектен 31 мамырға дейін (Үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеру кезеңі) жүзеге асырылады. Оқу жылы ішінде мектептің (лицейдің, гимназияның) ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес каникулдар белгіленеді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің педагогтеріне кешенді әдістемелік қолдауды Балаларды ерте дамыту институтының www.irrd.kz порталы қамтамасыз етеді. Білім берудегі сабақтастық оқушының бір білім деңгейінен екіншісіне ауысқан кезінде психологиялық және педагогикалық дайындығын қалыптастыруға бағыттталып, толыққанды дамуын қамтамасыз етеді. Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру деңгейлері арасындағы сабақтастық білім беру процесінің әдіснамасы мен мазмұнының үздіксіздігі мен бірлігі, баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығына мүмкіндік беретін білім алушылардың білімі мен дағдыларын кезең-кезеңімен арттыру болып табылады. Бастауыш мектеп баланың одан әрі жан-жақты дамуы үшін мектепке дейінгі білім беру нәтижелеріне сүйенеді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары бастауыш білім беру мазмұнымен сабақтастықты қамтамасыз ететін ұйымдастырылған іс-әрекеттің мынадай түрлерін қамтиды: коммуникативтік («Сөйлеуді дамыту», «Көркем әдебиет», «Қазақ тілі»), коммуникативтік және танымдық («Сауат ашу негіздері»), танымдық және зерттеу («Математика негіздері», «Қоршаған ортамен таныстыру») («Сурет салу», «Музыка», «Жапсыру») Тәрбиенің негізі – оқыту, тәрбие және дамудың бірлігін қамтитын үйлесімді дамыған тұлға «Толық адам» ұлттық идеалы болып табылады. Тәрбие – ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры және тұлғаның адамгершілік тұрғыдан толысуын қамтитын үздіксіз процесс. Тәрбиенің мәні – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде білім алушылардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру үшін жағдай жасау. Құндылықтар адамның белгілі бір әрекет етуге деген тұрақты сенімін білдіреді және жеке адамның да, бүкіл қоғамның да өркендеуінің негізі болып табылады. Құндылық білім алушының өмірлік ұстанымына, іс-әрекетіне, мінез-құлқына, дүниетанымына және этикалық нормаларды сақтауына әсер етеді. Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінде негізгі құндылықтарды атап өтті: Тәуелсіздік және Отаншылдық. Бірлік және Ынтымақ . Әділдік және Жауапкершілік . Заң және Тәртіп . Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік . Жасампаздық және Жаңашылдық Бұл құндылықтар «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) негізіне айналады. 2024-2025 оқу жылында білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысы осы бағдарламаның негізгі ережелеріне сәйкес ұйымдастырылатын болады. Әрбір құндылық оқу процесінде жүйелі түрде көрінеді. Әр ай тұлғаны қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды қамтиды: Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы. Қазан – тәуелсіздік және отаншылдық айы. Қараша – әділдік және жауапкершілік айы . Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы Қаңтар – заң және тәртіп айы. Ақпан – жасампаздық пен жаңашылдық айы. Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы. Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы . Мамыр – бірлік пен ынтымақ айы Әр айдың іс-шаралары күнделікті . «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»: үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б. . «Өнегелі 15

5 «Б»	Набиева Д.Қ	Тарих кабинеті
6 «А»	Төленді И.Н	
7 «А»	вакансия	
7 «Б»	Жамышев А.Б	Химия кабинеті
8 «А»	Райымбек С.Р	
8 «Б»	Жамышев А.Б	
9 «А»	Асылбеков Т.Ж	Қазақ тілі мен әдебиет
10 «А»	Асылбеков Т.Ж	
10 «Б»	Шокубасова А.М	
11 «А»	Жұмабай Б	

Кабинеттерді бекіту:

Кабинет	Кабинетке жауапты мұғалім	
орыс тілі мен әдебиет	Куц Елена Анатолевна	
Ағылшын тілі	Кабдешова Мадина Варысовна	
Информатика	Сарсембаева Динара Копешовна	Зав.каб
Психология	Шокубасова Айсулу Мухтаровна	
Тәлімгер	Жұмабай Баршагүл	
спорт зал	Асанов Асан Жанатович	
Кітапхана	Мажитова Ирина Васильевна	

Бесінші сұрақ бойынша мектеп директоры тыңдалды:

2024-2025 оқу жылындағы мұғалімдерге оқу жүктемесінің бөлінуі, беруі туралы айтылды. (тарификация). (Қосымша қоса салынды)

Алтыншы сұрақ бойынша оқу ісінің орынбасары С.Абдрахманова тыңдалды: Жылдық жұмыс жоспарын бекіту. (презентация қоса салынды). Жұмыс оқу жоспарларын бекіту. Оқу жоспарын сараптау

2024-2025 оқу жылына арналған оқу жоспары 7-9 - сыныптарына арналған жұмыс оқу жоспары төмендегі құжаттар негізінде әзірленді:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген 3-қосымшаға сәйкес «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»;

«Қазақстан Республикасында негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығына енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);

10-11-сыныптарына арналған жұмыс оқу жоспары төмендегі құжаттар негізінде әзірленді:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген 4-қосымшаға сәйкес «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы;

«Қазақстан Республикасында жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығына енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);

Санитарлық ережелер (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № 76 бұйрығымен бекітілген Вариативтік бөліктегі «Жаһандық құзіреттіліктер». «Жол жүру ережелері» кіріктірілген оқу бағдарламасы сынып сағаттарының есебінен және сабақтан тыс уақытта жүргізіледі.

7-8-сыныптар – әр сыныпта 10 сағаттан өткізіледі.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздерін» кіріктірілген оқу бағдарламасы міндетті түрде оқыту қамтамасыз етілуі тиіс, бұл ретте білім алушылардың төтенше жағдайларда (өрт, жер сілкінісі және т.б.) практикалық дағдыларының қалыптасуына ерекше назар аударылуы тиіс.

Осыған байланысты «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» курсы оқыту:

– 7-9-сыныптарда – «Дене шынықтыру» пәні аясында 15 сағат;

11-сыныптарда «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсының аясында 16 сағат жүзеге асырылады.

Толығымен алғанда, негізгі орта білім беру сатысы күрделі танымдық процестерге өту үшін арнайы бейім мен дағдыны қалыптастыратын білім мазмұнын байыту және жеделдету стратегиясына бағытталған базалық білім беруді; жалпы дамуды және арнайы курстарды таңдауды, білім алушылардың жеке оқу бағдарламасын құру үшін мүмкіндіктер жасауды, білім беру саласына сәйкес ерте бейіндендіруді жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Жетінші сұрақ бойынша мектеп директоры тыңдалды: 2024-2025 оқу жылындағы шағын орталықтың жұмыс жоспарын бекіту.

Сегізінші сұрақ бойынша әлеуметтік педагог Т.Асылбеков тыңдалды :

2024-2025 оқу жылында тамақтандыруды ұйымдастыру. Дені сау баланы өсіру үшін оның толық тәрбиесі мен дамуына жағдай жасау керек. Баланың денсаулық жағдайын, оның физикалық және ақыл- ой дамуын анықтайтын негізгі факторлардың бірі – оқушылардың дұрыс тамақтануын ұйымдастыру. Мектепте тамақтандыруды ұйымдастыру «Білім туралы» ҚР Заңына, мектеп туралы Үлгілік ережеге және ҚР басқа да заңнамалық және нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Оқушылардың ұтымды тамақтануы – білім беру мекемелерінде денсаулық сақтау ортасын құру, білім беру жүйесінің теріс салдарын азайту шарттарының бірі. Дұрыс тамақтанбау физикалық дамуға теріс әсер етеді, метаболикалық бұзылулардың көрінісіне, созылмалы патологиялардың, аурулардың өршуіне ықпал етеді.

Біздің мектеп тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығына көп көңіл бөлінеді, қазір оқушылардың дұрыс тамақтануын ұйымдастыру мәселесімен айналысады. Тамақтану теңдестірілген болуы керек, бір күнде бала үшін қажетті ең аз тамақ пен минералды заттарды алуы керек.

Мектепте дұрыс тамақтануды ұйымдастыруда білім мен дағдыларды таратудың бастауы болуы өте маңызды. Біздің мектепте тамақтануды ұйымдастыру мәселелерімен әкімшілік, медбике және тікелей әлеуметтік педагог, яғни өзім айналысамын. Мектепте тамақтануды ұйымдастыру мен сапасын бақылау жөніндегі комиссия құрылды және жұмыс істейді. Директор жанындағы жиналыстарда, педагогикалық кеңестерде тамақтануды ұйымдастыру мен сапасын бақылау туралы ақпарат тыңдалады, бұл мектепте тамақтануды ұйымдастырудың тұтас көрінісін ашып және қажетті түрдегі мәселеге жасауға мүмкіндік береді.

Біздің мектептің асханасы барлық қажетті технологиялық және тоназытқыш жабдықтарымен жабдықталған. Ыдыс-аяқ, ас құралдары, тамақ ішуге арналған стакандар жеткілікті. Мектеп асханасының тазалығына көп көңіл бөлінеді. Жазда ас блогына жөндеу, әрлеу жұмыстары жүргізілді. Жуу және дезинфекциялау барлық санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтай отырып жүргізіледі. Тамақтану залында қол жуу үшін жеткілікті мөлшерде қолжуғыш орнатылған. Асхана штаты толық қамтылған. Мұнда өз ісінің мамандары, мейірімді, жанашыр адамдар, балаларды әрдайым күлімсіреп қарсы алады.

Жылына бір рет ата-аналар мен оқушыларға тағамдардың сапасы, шығарылатын тағамдар бойынша сауалнама жүргізіледі. Сауалнама нәтижелері мен ұсыныстар талқылау үшін ата-аналар жиналысына шақырылады, және нәтижелерімен асхана қызметкерлері таныстырылады. Сынып сағаттарында мұғалімдер балалармен өсіп келе жатқан ағза үшін сапалы тамақтану қажеттілігі туралы, тамақтану кезіндегі мінез-құлық ережелері, тамақтану мәдениеті және өз денсаулығы үшін жауапкершілік туралы әңгімелер жүргізіледі.

Тамақтану сапасын комиссия үнемі қадағалап отырады, оның құрамына: мектеп медбикесі, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, ата-аналар комитетінің өкілдері кіреді. Алынатын шикізат пен дайын өнімнің сапасын бракераж комиссиясы тексереді. Олардың бірлескен жұмысы мектептегі тамақтануды ұйымдастыруды, оның сапасын бақылауға, қажетті түзетулер енгізуге және сайып келгенде, мектебіміздің әр оқушысының денсаулығын сақтауға мүмкіндік береді.

1-4 сыныптың барлық оқушылары тегін тамақтанады. Жалпы оқу қорынан Сахапов Алмаз тегін тамақтанады. 2024-2025 оқу жылына оқушыларын тамақтандыруды ұйымдастыру үшін перспективалы төрт апталық ас- мәзірі бар.

Тоғызыншы сұрақ бойынша оқу ісінің орынбасары С.Абдрахманова тыңдалды: 2024-2025 оқу жылына арналған күнтізбелік жоспарларды бекітуіміз керек.

ШЕШІМ:

1. 2023-2024 оқу жылындағы мектептің оқу, тәрбие жұмысы қанағаттанарлық деп саналсын. 2024-2025 оқу жылына арналған мақсаттар мен міндеттер орындалсын.
2. Педагогикалық кеңестің құрамын бекітілсін.
3. Педагогикалық ұжымды ӘНХ таныстырылып жұмыс жалғастырылсын.
4. Сынып жетекшілері мен кабинеттерін бекітілсін.
5. Оқыту жүктемесінің бөлінуі, мұғалімдер таныстырылсын.
6. Жылдық жұмыс жоспарын бекітілсін. Жұмыс оқу жоспарларын бекітілсін.
7. Шағын орталықтың жұмыс жоспарын бекітілсін.
8. 2024-2025 оқу жылында тамақтандыруды ұйымдастырылсын.
9. 2024-2025 оқу жылына арналған күнтізбелік жоспарды 28 тамызбен бекітілсін.

Педкеңестің төрайымы  А.Аксеитова
Хатшы  Н.Молдагайсина

